

ӘОЖ 612.176

Г. Әскербай*, Н.Т. Аблайханова, Н.Т. Торманов, Б.И. Уршеева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы

*e-mail: gulnaz_92.21@mail.ru

Төменгі сынып оқушыларының практикалық іс-әрекеттілік және көрнекті бейнелік ойлау қабілеттерінің көрсеткіштері

Ойлау заттар мен құбылыстардың жалпы қасиеттері және олардың арасында болатын байланыстар мен қарым – қатынастарды тануға мүмкіндік беретін процесс. Адамның ойлауына сигнал – сұрақ қоюдан басталатын жо-рамал, ізденіс тән. Адамның білімі неғұрлым бай, жүйелі болса, соғұрлым ол ойлауға байланысты сұрақты тез шешеді. Ойлау әрекетінің көзі болатын тәжірибе мен практика танудың дұрыстығы мен қателігін тексереді, практика сонымен қатар ойлау қорытындыларын қолданудың басты және негізгі облысы болып табылады. Адам әрекет етпей ойлай алмайды.

Түйін сөздер: зейін, сигнал, логикалық ойлау, мидың жарты шарлары

Г. Аскербай, Н.Т. Аблайханова, Н.Т. Торманов, Б.И. Уршеева

Показатели практической деятельности и художественно-образной умственной работоспособности учеников младших классов

Мышление — опосредованное и обобщённое отражение действительности, вид умственной деятельности, заключающейся в познании сущности вещей и явлений, закономерных связей и отношений между ними. Сигнал к мышлению человека начинается с задаванием вопросов. Чем глубже и богаче знание человека, тем быстрее он решает вопросы касающихся мышления. Практика и опыт источник деятельности мышления, он проверяет правильность познания. Более того, практика главная и важная область, где применяется заключения мышления. Человек не может действовать без мышления.

Ключевые слова: внимание, сигнал, логическое мышление, полушарий головного мозга.

G. Askerbay, N.T. Ablaykhaova, N.T. Tormanov, B.I. Ursheeva

Indicators of practical activities and is art-shaped intellectual working capacity of pupils of elementary grades

Thinking – the mediated and generalised reflexion of the validity, a kind of the brainwork, consisting in knowledge of essence of things and the phenomena, natural communications and relations between them. The signal to thinking of the person begins with asking questions. The more deeply and richer knowledge of the person, the faster he solves questions of concerning thinking. Practice and experience a source of activity of thinking, it checks correctness of knowledge. Moreover, practice the main and important area where applied the thinking conclusions. The person cannot operate without thinking.

Key words: attention, signal, logical thinking, hemisphere of brain.

Оқытушылардың көптеген бақылаулары ойлауды үйренбеген бала бастауыш сыныптарда әдетте үлгерімі төмен болатындардың қатарына кіретіндігін көрсетті. Бұл сұрақтың негізгі бағыты жағдайды қалыптастыру болып табылады. Ол балалардың толықтай ақылының дамуын, ойлау қабілетінің дағдылығы мен ептілігін, ақылдың қасиеттерімен және шығармашылықынтамен қамтамасыз етуі тиіс [1,2].

Бірақ, мұндай жағдайлар қазір толықтай қамтамасыз етілмейді, себебі қазіргі кезде үйретудің практикада ең кең таралған мысалы баланың іс әрекетін үлгі бойынша ұйымдастыру. Көбіне балаларға жаттығуға ғана арналған тапсырмалар беріледі, ол ойлауды керек етпейді тек еліктеуге негізделеді. Бұл жағдайларда ойлаудың тереңдігі, қиындығы секілді қасиеттері толықтай дамымайды [3].

Баланың жеке дамуында ақылдың дамуы негізгі орынды алады. Адамның ойлауына әртүрлі оқиғалардың арасындағы қарым-қатынас пен байланысты табудың белсенділігі тән болады. Қарым-қатынас пен байланысты бөлген кезде әртүрлі әрекет жасауға болады, бір жағдайларда заттар арасындағы байланысты орнату үшін оларды өзгерту керек. Басқа жағдайларда заттарды қозғамай ақ, ойлау арқылы тек олардың кейпін өзгертуге болады.

Мүмкін мынандай да жағдайлар болады, заттар арасындағы қарым – қатынасты заттарды практикалық өзгертпей, тек талқылаулар мен ойша пайымдау.

Осылайша, келтірілген үш жағдайларда да адам заттардың көрінбейтін қарым-қатынастарын орнатады, яғни әртүрлі әрекеттер мен амалдардың көмегімен ойлайды. Бірінші жағдайда, көрнекі – әрекеттік практикалық ойлау болады, себебі адам мұнда қарым-қатынасты анықтау үшін заттармен әрекет жасайды. Екінші жағдайда ойлау көрнекі – бейнелік болады, себебі мұнда заттардың қарым – қатынасын анықтау тек ойлаумен жүзеге асады. Ойлаудың үшінші жағдайы ауызша – логикалық болады, анықтау үшін мұнда адам сөздерді (заттар мен олардың кескінін емес) қолданады, олар тек заттарды ғана білдіреді және осы сөздерден пікірлер жасалынады.

Сонымен, баланың ойлауы үш жолмен жүзеге асады: көрнекі – әрекеттік, көрнекі – бейнелік және ауызша – логикалық [4].

Мектепке дейінгі баланың ойлауына еріксіздік, аздаған басқарушылық тән. Мектепке дейінгі шақтағы ойлаудың дамуының негізгі бағыттарын келесі жолмен белгілеуге болады: көрнекі – әрекеттік ойлауды ары қарай дамып келе жатқан елестету негізінде жетілдіру; көрнекі – бейнелік ойлауды өз бетінше және жанама ес негізінде жақсарту; ауызша – логикалық ойлауды белсенді қалыптастыру үшін сөйлеуді қолдану [5,6].

Балаларда ауызша – логикалық ойлаудың дамуы кем дегенде екі деңгейді туындатады. Оның бірінші деңгейінде бала заттар мен әрекеттерге байланысты сөздердің мағынасын меңгереді, екінші деңгейде қарым – қатынас пен ойлау логикасының заңдылықтарын білдіретін түсініктердің жүйесімен танысады. Соңғысы әдетте мектептегі оқу барысына кіреді.

Зерттеу нысаны: Мүслім Базарбаев атындағы №138 гимназияның 5-6 жастағы 12 ұл, 12 қыз оқушылары.

Зерттеу әдістері: Зейінге сауалнама жүргізу.


Зерттеу нәтижелері. Алынған нәтижелер бойынша практикалық іс – әрекеттілік ойлау әдісінде қоршаған орта заттар мен суреттердің арасындағы қатынастардың, ұқсастығын және байланыстарын табуда берілген суреттерде қанша ұқсастық және қандай айырмашылығы бар екенін анықтау барысында мынадай көрсеткіштер алынды (сурет 1).

Сонда аталған көрсеткіштер ұл балалармен салытырғанда қыз балаларда жоғарлау болып шықты. Қоршаған орта заттар мен суреттердің арасындағы қатынастардың, ұқсастығын және байланыстарын табу деңгейлерінің көрсеткіштері қыз балаларда (113сек) ұл балалардан (152 сек) 1,5%- ға жоғары болды, ал заттардың әр түрлі қасиеттерін айта білу және айыра білу деңгейлері ұлдардан 8% – ға дейін жоғары.

Ал, көрнекті бейнелік ойлау қабілетінің көрсеткіштері бойынша көрнекті бейнелік ойлау қабілетінің заттардың мәнді белгілерін ажырата білу әдісінде бес жануардың суреті берілген (ат, ит, қоян, ешкі, мысық) және әр жануардың төлдерінің орындары ауыстырылып берілген, балалар осы жануарлардың атын атап, төлдерін сызық арқылы тұтастыруы керек (сурет 2).


Ал заттардың құрылыс, құрамы туралы ұғымдарды қортындылауда яғни берілген әр түрлі заттарды ұқсастықтарна қарай тотастыруда балалар қанша уақытта тапсырманы нақты әрі тиянақты орындайды, сол көрсеткіштеріне қарап талдау жасадым. Бұнда да қыз балалар ұл балалармен салыстырғанда заттардың мәнді белгілерін ажырату және заттардың құрылыс, құрамы туралы ұғымдарды қортындылау 1-2%-ға жоғары болып шықты.

Қорыта келгенде, 5-6 жастағы қыз балалардың практикалық іс – әрекеттілік ойлау қабілетінің көрсеткіштері және көрнекті, бейнелік ойлау қабілетінің көрсеткіштері ұл балаларға қарағанда жоғары боп шықты. Ал сөйлеу – логикалық ойлау қабілетінің көрсеткіштері ұл балалар мен қыз балаларда әр түрлі көрінді, қыз балаларда сөйлеу қабілеті өте жақсы дамыған, ұл балаларда логикалық ойлау қабілеті жоғары дамыған. Ойлаудың



Сурет 1 – Практикалық іс - әрекеттілік ойлаудың көрсеткіштері

- 1 - қоршаған орта заттар мен суреттердің арасындағы қатынастардың, ұқсастығын және байланыстарын табу деңгейлерінің көрсеткіштері, сек;
 2 - заттардың әр түрлі қасиеттерін айта білу және айыра білу деңгейлерінің көрсеткіштері, сек.



Сурет 2 – Көрнекті бейнелік ойлау қабілетінің көрсеткіштері

- 1 - заттардың мәнді белгілерін ажырата білу көрсеткіштері;
 2 - заттардың құрылыс, құрамы туралы ұғымдарды қортындылау қабілетінің көрсеткіштері.

физиологиялық негізі бас миының үлкен ми сыңарының қабығының күрделі аналитикалық-синтетикалық әрекеті. Қыздарда мидың сол

жарты бөлігі, ал ұлдарда мидың оң жарты бөлігі жақсы дамыған. Сондықтанда, қыздарда логикалық ойлау қабілеті жоғары.

Әдебиеттер

- 1 Акимова М. К., Козлова В.Т., Ференс Н.А. Теоретические подходы к диагностике практического мышления // Вопросы психологии. А.: – 1999. – № 1. – 21 с.
- 2 Зорина З.А., Полетаева И. И. Зоопсихология. Элементарное мышление животных/, Учеб. пособие. – М.: – Аспект-Пресс, 2002. – 320 с.
- 3 Мангушев А.В. Диагностика профессионального мышления на этапе совершенствования мастерства специалиста (на примере специалиста экологического профиля): Автореф. дис. ... канд. психол. наук. – Казань, 2002. – 208 с.
- 4 Бабаева Ю.Д. и др. Эмоции и проблемы классификации видов мышления / Бабаева Ю.Д., Васильев И.А., Войскунский А.Е., Тихомиров О.К. // Вестник Моск. ун-та. Сер. 14. Психология. А.: – 1999. – № 2.- 111 с.
- 5 Блонский П. Память и мышление. – СПб.: – Питер, 2001. – 288 с.
- 6 Власенко И.Т. Особенности словесного мышления взрослых и детей с нарушениями речи. – М.: – 1990. – 15-21 с.
- 7 Мухаметрахимова С.Д. Учебное моделирование как психологический фактор формирования математического мышления учащихся: Автореф. дис. канд. психол. наук. – Казань, – 2000. – 18 с.

Reference

- 1 Akimova M. K., Kozlova V.T., Ferens N.A. Teoreticheskie podhody k diagnostike prakticheskogo myishleniya // Voprosy psihologii. A.: – 1999. – # 1. – 21 s.
- 2 Zorina Z.A., Poletaeva I. I. Zoopsihologiya. Elementarnoe myishlenie zhiivotnyih/, Ucheb. posobie. – M.: – Aspekt-Press, 2002. – 320 s.
- 3 Mangushev A.V. Diagnostika professionalnogo myishleniya na etape sovershenstvovaniya masterstva spetsialista (na primere spetsialista ekologicheskogo profilya): Avtoref. dis. ... kand. psihol. nauk. – Kazan, 2002. – 208 s.
- 4 Babaeva Yu.D. i dr. Emotsii i problemy klassifikatsii vidov myishleniya / Babaeva Yu.D., Vasilev I.A., Voyskunskiy A.E., Tihomirov O.K. // Vestnik Mosk. un-ta. Ser. 14. Psihologiya. A.: – 1999. – # 2.- 111 s.
- 5 Blonskiy P. Pamyat i myishlenie. – SPb.: – Piter, 2001. – 288 s.
- 6 Vlasenko I.T. Osobennosti slovesnogo myishleniya vzroslyih i detey s narusheniyami rechi. – M.: – 1990. – 15-21 s.
- 7 Muhametrahimova S.D. Uchebnoe modelirovanie kak psihologicheskii faktor formirovaniya matematicheskogo myishleniya uchashchihsya: Avtoref. dis. kand. psihol. nauk. - Kazan, - 2000. - 18 s.